

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ САЛАСЫНДА ЗАМАНАУИ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Азимова Г.У.¹, Сатбекова А.А.²

¹PhD докторанты, ҚазҰҚПУ, Алматы, Қазақстан, e-mail:
gaini.azim@gmail.com

²п.ғ.д., профессор, ҚазҰҚПУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: satbekova@mail.ru

Андатпа. Бұл мақалада қазақ тілін оқыту әдістемесі және онда қолдануға болатын заманауи қосымшалар жөнінде сөз қозғалады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде заман талабына сай жаңа технологияларды қолдану оқытушылардың басты міндеттерінің бірі болып отыр. Цифрлы қоғамда дүниеге келіп, сол қоғамда тәрбиеленетін білім алушы ұрпаққа өз қабылдауына сай білім беру нәтижелі болары анық. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде заманауи қосымшаларды қолдану студенттерге қазақ тілінің сұлу да сырлы таңғажайып әлемін үйренуге көп ықпал етері сөзсіз. Мақалада білім беру әдістемесінде бүгінгі күні кеңінен қолданылып жүрген мобильді қосымшалар сипатталып, олардың қолданысына қатысты түрлі мәліметтер беріледі: олардың ерекшеліктері, функциялары айқындалып, білім берудегі тиімділігі қарастырылды. Мобильді құрылғылардағы оқыту бағдарламалары, мобильді қосымшалардағы сабақтар оқушыларды қызықтырып, оқытушыға көмекші құрал болып білім алудың және кәсіби біліктілікті жетілдірудің негізгі тәсіліне айналды. Сонымен қатар, белгілі ғалымдардың жалпы қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша зерттеулері мен пікірлеріне сілтеме жасалады. Мобильді оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері тізбектеліп, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданудың түрлі аспектілері атап өтіледі. Компьютерлік ақпараттық технологиялар көмегімен орындалатын интерактивті жұмыс жүйелерінің сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты дамытуда алатын орны әлі зерттеліп, толығы берері анық.

Білім беру саласындағы әлемдік тәжірибені жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде қолданудың мақсаты - студенттерге мотивация беру, берген білімді тиімді әдістер көмегімен игерту. Бұл мақала жоғары оқу орны оқытушыларына практикалық мақсатта қолдануға ұсынылады.

Тірек сөздер: қазақ тілі, оқыту әдістемесі, мобильді қосымшалар, мобильді құрылғылар, АКТ, тіл үйрету, инновациялық технологиялар, заманауи әдістер.

Негізгі ережелер

Оқытушының білім беру әдістемесі заман ағымына сай жаңашыл бағыттағы әдіс-тәсілдермен үздіксіз толығып отырады. Бүгінгі тақырыпта әлемдік білім беру тәжірибесіне қолданысқа енген технологиялардың қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолданылуына тоқталамыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесін ғылымның бір саласы ретінде қарастырсақ, мұнда нақты айқындалған мақсат көзделіп, сол мақсатқа жету бағытында ұйымдастырылатын арнайы, саналы сипаттағы таным үрдісі қалыптасады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында арнайы күн тәртібінде қойылып, теориялық түйіндері шешілуі тиіс мәселелер бар. Ол мәселелер өздерінің айқын болмысымен танылған кезде психологиялық-педагогикалық

зерттеу міндеттері де нақтыланады, нәтижесінде қазақ тілін оқыту үдерісінің қандай да бір проблемасы анықталады.

Қазақ тілі біз үшін біздің ана тіліміз болуымен құнды. Қазақ тілін оқыту үдерісінің ғылым нысанына айналуы - қазақ тілін оқыту барысының заман өзгерісіне дер кезінде бейімделу жолдарын танып-талдап практикаға енгізудің тиімді әрі нәтижелі тетіктерін анықтаумен де байланысты танылады; Бұл ретте қазақ тілін оқытудың жаңа технологияларын білу міндеті туындайды. Қазақ тілін меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіледі[1].

Кіріспе

XX ғасырдың басында мобильді оқыту мәселесі ағылшын тіліндегі ғылыми-педагогикалық бағыттағы баспасөз беттерінде көтерілген еді. Кейінірек біздің елімізде де бұл тақырып қозғалып, білім беру жүйесін ақпараттандыру, электронды оқыту жүйесін жасау, бағдарламаға енгізу әрекеттері жүзеге асырылып, жекелеген педагогтар бастамасымен білім беру жүйесіне ене бастады.

«Мобильді оқыту» деп – мобильді құрылғылар көмегімен кез-келген уақытта, кез-келген жерде білім алуды айтамыз». Сол мобильді құрылғылардың қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолданысы қандай? Оқытушыларымыз сабақ барысында қаншалықты тиімді қолдана алады? Бұл қосымшаларды қазақ тілін үйретуде қандай әдістер көмегімен қолдана аламыз? Бұл сұрақтардың жауабына мақала барысында кеңірек тоқталатын боламыз [2].

Қазіргі таңда компьютер және басқа да сандық құрылғылар әрбір адам өмірінің ауқымды бөлігін қамтитын болды. Күнделікті өмірде біз смартфон, планшет немесе өзге де мобильді құрылғыларды жиі қолданамыз. Бүгінгі жоғары оқу орындарында оқитын цифрлы қоғамда туып, ақпараттық технологиялармен қатар өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпақ мұндай технологиялар, интернет пен мобильді құрылғыларды өмірлерінің ажырамас бөлігі деп қарастыратыны анық.

Сандық мобильді құрылғылар олардың күнделікті өмірінде ғана емес олардың оқу процесінде де орнымен қолданылуда. Заманауи оқыту үрдісі тек оқытудың тұжырымдамасы мен әдістеріне сүйеніп қана қоймай оқыту процесінің технологиялық және техникалық жаңаруымен де тығыз байланыста дамуда.

Планшеттік компьютерлер, смартфондар, мобильді телефондарды білім алу мақсатында қолдану электрондық оқыту тұжырымы аясында жаңа бағыттағы мобильді қосымшалар көмегімен оқыту үрдісін қалыптастырды. Көптеген ғалымдар мен педагогтар болашақта ақпараттық компьютерлік технологиялармен оқыту, мобильді байланыс құралдарының таралуы оқыту мүмкіндігін кеңітіп, сапасын арттыратыны жөнінде болжам жасайды. Бұл көптеген оқу қосымшалары мен бағдарламалардың, жаңа технологиялардың пайда болуымен байланысты [3].

Материалдар және әдістердің сипаттамасы

Қазақ тілін оқытуда үздік нәтижелерге қол жеткізіп, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды айтарлықтай сапалы деңгейге көтерген оқыту технологиясының бірі - дамыта оқыту технологиясы. Даму, бұл – уақыт талабына сай үнемі өзгеріп отыратын тұрақты, әрі өзекті құбылыс. Қашықтан оқыту жүйесіне сай тіл үйреніп жүрген білім алушылардың білімін бақылау мен қадағалау процесін оңтайландыру үшін арнайы мобильді қосымшаларды қолданып бағалау процесін жүзеге асыруға болады. Қазақ тілі сабағының міндеті тіл үйретумен қатар білім алушының ой-өрісін дамыту болса, адамның ой-өрісі қалай жағдайда да сөйлеуді дамытуға бағытталады. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда көркі кетпеуін» қадағалау қазақ тілін үйрететін оқытушының басты міндеті деп білеміз.

Қосымшалар көмегімен оқыту – бұл тұрақты мобильді құрылғылар мен технологиялар арқылы жүзеге асатын, білім алушының тілдесіп, байланыс орнатып немесе ақпарат алуы негізінде білім алу үрдісінің барынша тиімді ұйымдастырылуына мүмкіндік беретін әрекет. Жалпы зерттеулердің көпшілігі дәстүрлі және қазіргі кездегі өзге де оқыту әдістерімен салыстырғанда қосымша арқылы оқытудың басты ерекшелігі білім алушының білім алу барысында белгілі бір мекенге немесе уақытқа тәуелді болмауы деген тұжырымға тоқталады. Олар кез-келген уақытты, кез-келген өздеріне қолайлы мекенде оқу материалдарын қолдана алады.

Мобильді қосымшаларды түрлі оқу пәндерімен қоса, қазақ тілін оқытуда да қолдана аламыз. Бүгінгі таңда жалпы тіл үйретуге арналған қосымшалар көптеп кездеседі. Тәжірибе жүзінде мобильді қосымшалардың дәстүрлі оқыту әдістерінен артықшылығы аз емес, мысалы: жеке әрекеттерді интенсификациялау, тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне сай оқыту, танымдық белсенділікті арттыру және үйренуге мотивация беру. Біздің көзқарасымызға сай мобильді электрондық құрылғылардағы қосымшаларды қолдану қазіргі таңда айрықша өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі сандық технология саласына кей студенттердің білімі төмен, әрі олар ұсынылған бағдарламалық өнімдерді жеткілікті бағдарлай алмайды. Оқытушының міндеті білім алушыларға кеңес беріп, тіл үйренуге барынша итермелейтін жеке оқу дағдысына сәйкес өнімді таңдауға көмектесу. Сондай ақ, құрылғыларды қолдануын қадағалап, оларды білім алу мақсатында қалай қолдану керектігін үйрету. Бұл – білім беру процесін оңтайландырады. Сонымен қатар, мобильді қосымшаларды қолдану барысында туындаған түсініксіз сұрақтарға сол қосымшаларда көрсетілген анықтама көмегімен жылдам жауап алуға болады және олар ақпаратты тез табуға мүмкіндік береді. Анықтамаларды кітаптан табуға қарағанда әлдеқайда оңай. Екіншіден, баспадан шыққан нұсқаларға қарағанда интернет желісінде ұсынылған мәліметтер жаңа, әрі өзекті. Себебі, баспада жарияланған кітаптағы мәліметтер ескіріп не жаңа мәліметтермен алмастырылып, өзектілігін жоғалтқан болуы ықтимал. Үшіншіден, мобильді қосымшаны қолдану аудитория аясында жүргізілген сабақ пен өзіндік жұмыстар барысында да студенттің қызығушылығын арттырады.

Қосымшалар арқылы оқытудың артықшылығымен қатар кемшіліктері де айтарлықтай. Өз тәжірибемізге сүйеніп алдымен артықшылықтарын бірнеше топтарға бөліп қарастырсақ.

Психологиялық аспект. Студенттің өзіндік психологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, мықты және әлсіз тұстары анықталып, оқыту процесін сол ерекшеліктеріне сай бейімдеп, студенттің өзіне арналған жеке дара оқу үрдісін қалыптастыру. Қосымшалар көмегімен тіл үйретудің негізгі артықшылығы осында.

Әдістемелік аспект. Қосымшаларды қолдану білім алушыға үстеме мотивация береді. Студенттің оқу процесіне қатысты қызығушылығын арттыру үшін тапсырмалардың көпшілігі ойын форматында әзірленген. Сондай-ақ, көптеген қосымшалар білім алушының икемі мен қабілетін анықтауға негізделген.

Техникалық аспект. Техникалық аспект тұрғысынан алғанда мобильді құрылғылардың техникалық ерекшеліктері мұқият зерттеліп, тәжірибе жүзінде дәлелденген. Біріншіден, көптеген аудио немесе мобильді құрылғылар сөзді, сөз тіркестерін және толығымен аутентикалық мәтіндерді дыбыстай алады. Оқушы өз сөзін таспаға жазып, тыңдап, салыстыра алады. Екіншіден, әрбір әрекет түрлі бейне, анимация немесе суреттермен толықтырылған. Бұл ерекшелік білім алушы тарапқа бейтаныс жаңа лексикалық бірліктерді есте сақтауда тиімді болары анық.

Оқу процесінде мобильді және компьютерлік құрылғыларды және қосымшаларды қолдану мәселесіне қатысты жалпы әдістемелік тәжірибе барысында төмендегідей кемшіліктер анықталды:

1. Оқу процесі барысында ақпараттық технологияларды қажетті деңгейде меңгере алмаған білім алушылар үшін қосымшаларды қолдану бірқатар қиындықтар тудыруы мүмкін.

2. Мобильді қосымшалармен жұмыс көптеген сыртқы факторларға тәуелді, мәселен, әрбір құрылғының техникалық ерекшелігі әр түрлі, және соған сай белгілі бір тапсырмаларды орындау барысында техникалық тұрғыдан шектеулер туындауы немесе интернет жылдамдығына байланысты шектеулер орын алуы мүмкін.

3. Оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей коммуникацияның жанды сұхбатты алмастыра алмауы және аталған әрекеттің коммуникативтік күзіреттіліктің толыққанды дамуын қамтамасыз ете алмауы.

Сабақтың барысында барлық білім алушының сабаққа белсенді қатысуын ұйымдастыру үшін түрлі құралдар қолданылады. Бұл ретте оқытушы мен студенттің субъект-аралық қатынасқа негізделген ынтымақтастығы бір сәтке болса да өзгермей сақталуы талап етіледі. Компьютерлік ақпараттық технологиялар көмегімен орындалатын интерактивті білім беру жүйелерінің сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты дамытуда алатын орны әлі зерттеліп, толығы берері анық.

Талқылау

Сан түрлі қосымшалар арасынан қазақ тілін оқыту әдістемесіне қолайлы деп саналатын Google Classroom платформасына тоқталайық.

ClassRoom бұл оқу орындары мен кез келген коммерциялық емес мекемелерге арналған тегін қызмет. Сонымен қатар ол Google жүйесінде есептік жазбасы бар кез-келген тұлғаға қолжетімді. ClassRoom көмегімен бүгінгі күнде оқытушы мен студент қарым-қатынасы аудитория шеңберімен шектелмей жаңа деңгейге көтерілді. ClassRoom уақыт секілді құнды ресурстарды немесе өзге физикалық ресурстарды үнемдеуде де қолайлы. Оның көмегімен тұтас курс әзірлеуге, тапсырма беруге, байланыс орнатуға және жұмысты жүйелендіруге мүмкіндік туады. ClassRoom-мен жұмыс жасаудың артықшылықтары мынадай:

Қолданысы өте қарапайым. Оқытушылар өздері шәкірттерін белгілі бір курстың тізіміне енгізе алады немесе курс тыңдаушысы ретінде тіркелу кодтарын береді. Бұл бірнеше минуттық жұмыс.

Уақытты үнемдеуде тиімділігі. Онлайн форматта жұмыс істеу оқытушыға бір платформа көмегімен тапсырманы жіберуге, тексеруге және бағалауға мүмкіндік береді, яғни оқыту жүйесінің аталған әр кезеңіне жұмсалатын уақыт көлемі азаяды.

Материалдарды жүйелеуде қолайлылығы. Студенттер тапсырма парағы арқылы қандай тапсырмалардың тапсырылып-тапсырылмағандығын толық бақылай алады және қолжетімді материал толығымен олардың Гугл Диск папкасына автоматты түрде жүктеліп отырады.

ClassRoom қосымшасында тікелей тілдесу мүмкіндігі бар. Оның көмегімен оқытушы тапсырманы салып, хабарландыру жіберіп, талдауды бастап кете алады. Ал студенттердің материалдармен алмасып, курс лентасындағы сұрақтарға жауап беруіне мүмкіндік бар.

Бұл қосымша қаншалықты қауіпсіз? ClassRoom қосымшасында жарнамалар жоқ, материалдар мен студенттер деректері маркетингтік мақсатта қолданылмайды.

Оқытушы ClassRoom қосымшасында камераға рұқсат беру арқылы ClassRoom-ға видео және фото жариялауға мүмкіндік туады. Сақтау қоймасына да рұқсат беру арқылы құрылғы жадында сақталған фото және видео материалдарды қосымшаға бекітуге болады. Бұл қосымшамен жұмыс барысында есептік жазбаны таңдау мүмкіндігіне ие болу үшін есептік жазбаны қолдануға рұқсат берілуі шарт. Бұл қосымшалар пандемияға байланысты әлемде жарияланған карантин кезінде оқыту процесін жеңілдетуге зор үлес қосты.

Қазақ тілін оқыту барысында студенттердің логикалық ойлау мәдениетін дамыту да ерекше ескерілетін мәселе. Қазақ тілін оқыту барысында логиканың қандай элементтерін енгізу керек? Логика элементтерін оқытуда қолданылатын әдіс-амалдарды қазақ тілін оқыту әдістемесімен қалай ұштастыруға болады? Қазақ тілін оқыту барысында қажетті деп саналатын логикалық білім мазмұнын игере отырып, оқуда ойлаудың жүйелілігі, бірізділігі, пайымдаудың құрылымы және оны меңгеру арқылы пайымдауға, ой қорыта білуге дағдылану жолдарын қарастырады. Оқыту процесі таза

логика немесе таза лингвистикалық білім беруге айналып кетпес үшін ол үздіксіз бақылауда болуы тиіс. Осындай тілді оқытудағы мәселелерді оқытушы ескере отырып, қосымшадағы тапсырмаларға енгізе алады. Логиканы дамытуға арналған тапсырмаларды Kahoot қосымшасына салуға болады. Бұл қосымша да жоғары оқу орындарындағы әдістемелік тәжірибеде оң нәтиже көрсеткен қосымшалардың бірі. Kahoot қосымшасын қалай қолданамыз? Kahoot сабақты қызықты, көңілді, тиімді өткізуге арналған онлайн викториналық тесттер мен сұрақ-жауапқа негізделген қосымша. Бірнеше минут ішінде логикалық ойын құрастырып немесе көптеген дайын өнімдер арасынан қажетін таңдап жаңа тақырыпты игертуде, білімді бекітуде және сауалнамалар жүргізуде таптырмайтын құрал.

Бұл қосымшаны оқытушылар да, студенттер де, мектеп мұғалімдері мен оқушылар да жақсы танып, бүгінде дәстүрлі білім беру жүйесіне негізделген сабақ барысында да қолданып жүр. Ал қашықтан оқыту кезеңінде бұл қызмет оқытушы үшін ең тиімді құралға айналған еді. Сабақты қалыптағы форматтан жаңашыл форматқа өзгертіп, жаңа тақырып түсіндірілгеннен кейін Kahoot көмегімен сұрақ-жауап түрінде бекіту секілді функциялар кез-келген оқытушыға қолжетімді әдіс. Сонымен қатар, таныстырылған материалдарды талдау арқылы сыни ойлау құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік туады. Мысалы, жаңа материалдарды игеру барысында студенттер экранның арғы бетінде бастарын изеп отыра беру мүмкін. Осындай кезде қысқа динамикалық тест алсаңыз, олардың тақырыпқа қызығушылықтары оянып, олар сабаққа белсенді түрде араласа бастайды. Тест алу арқылы студенттердің бес минут бұрын оқытушы берген материалды толық меңгерген-меңгермегендігін анықтауға болады. Дұрыс жауаптың жасыл түспен боялуы да сол жауаптың студент жадында сақталып қалуына ықпал етері анық. Әрбір ойын барысында ойыншылардың рейтингі көрініп тұрғандықтан, бұл әрекет білім сайысына қатысушыларды ынталандырады: әрбір қатысушы келесі сұраққа мүмкіндігінше дұрыс жауап беріп, жақсы ұпай жинауға ынталы болады. Kahoot көмегімен жүргізілетін сабақтар ретін толықтыру немесе сабақ тақырыбына сай оның қолданысын кеңейту немесе түрлендіру оқытушының ынтасына, қиялына және жалпы дүниетанымына сай жүзеге асатын процесс. Терең түсіндіруді талап ететін күрделі тақырыппен жұмыс барысында студенттің біліміндегі олқылықтар тест көмегімен толығып отырады. Kahoot арқылы видеоконференция ұйымдастырып, қашықтан оқыту жүйесі шеңберінде өз бетінше орындауға арналған ойын форматындағы тапсырмаларды жіберу мүмкіндігі де бар. [4] Сонымен студенттің соңғы өтілген тақырыптарға сай материалдардан алған білімін түйіндеуге, жаңа материалды түсіндіру барысында сұрақ-жауап ұйымдастыруға аса қолайлы қосымша ретінде мәлім. Әрбір студенттің білімін дамытудағы оң өзгерістерді анықтау үшін ойын қорытындысының аналитикасын қолдану керек. Студенттер өз бетінше тест құрастыру арқылы білімдерін тереңдете түседі, пассивті студенттердің пәнге қызығушылығы оянады. Бұл қосымша көмегімен олардың бойында топтық серіктестік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған командалық ойын мүмкіндіктері бар. Kahoot қосымшасында

ойындар мен тапсырмалар құрастыру үшін барлық қажетті тетіктермен егжей-тегжейлі танысу қажет. Тілді таңдап, викторина кезінде ойыншылардың көңіл-күйіне әсер ететін қандай да бір жағымды әуенді фонға қоюға болады. Сабақтың тақырыбын, сипаттамасын жазып, сурет іліп, қажет десеңіз ютубтағы бір роликтің сілтемесін де қоюға болады. Ең бастысы, ойын барысы барлық қатысушыларға қолжетімді болу үшін олардың бәрін ойынға алдын ала тіркеуді ұмытып кетпеген жөн. Қосымшада оқытушы сұрақ-жауаптарды енгізу үшін беттің жоғарғы жағында жазу жолағы және бүйірінде сурет ілетін функциясы бар. Студенттің жауап беруіне бөлінген уақытты шектеу мүмкіндігі де қарастырылған. Ойын немесе сұрақ-жауап сессиясы соңында электронды таблицадағы нәтижені жүктеп алып, студенттің нәтижесін қарап, талқылауға болады.

Оқыту үйренушінің оқуға деген ынтасы артқанда ғана өз мақсатына жетеді. Оқыту мотивациясын жандандыру оқытушының үлесіне тиесілі. Оқытудағы мотивацияны қалыптастыру оқытушының тәжірибесіне, білімділігіне байланысты. [5]

Білім беру процесі барысында мотивацияны оятатын құрал - жаңа техникалық оқыту құралдары. Оқыту процесінде видеофильмдерді, теледидарды, аудиотаспаны немесе компьютер, смартфон сияқты түрлі құрылғыларда ұсынылған мүмкіндіктерді қолдануды оқытушыға кәсіби біліктілігі міндеттейді.

О.В. Канарская: «Инновационное обучение на уроках русского языка попытка новаторского подхода в современных условиях к решению задач гуманизации обучения, преодоления формализма, авторитарного стиля, поворот к личности обучаемого, поиск условий для раскрытия его творческого потенциала, фактически, инновационное обучение – результат изменения стиля общения на уроке, стиля презентации знаний и усвоения их как умений» –деп жаңаша жаңғыртып оқытуға анықтама бергеніндей, инновациялық сабақтарда сабақтың мазмұнымен қатар, көрнекіліктер, видео, видео-аудиоқұралдар, компьютер, электронды оқулықтар барынша қолданылып бір сабақ екінші сабақтан мүлдем өзгеше болуы керек [6]. Оқытушының инновациялық жаттығулары үйренушінің өз бетімен тапсырмаларды, проблемаларды, дидактикалық шарттарға сәйкес шешуіне мүмкіндік тудыруы тиіс.

Инновациялық оқыту әдістемесіне тоқталғанда тағы да мобильді қосымшаларды қолдануды ұсынамыз. Бұл - Socrative қосымшасы. Оқытушының техникалық қамтамасыз етілу мүмкіндіктеріне сай аталған қосымшаны компьютерде де қолдануға болады. Қазақ тілін меңгертуге қатысты дәстүрлі әдістерден бөлек қазіргі студенттерге сабақты жаңашылдықпен ұсыну заман талабына айналып отыр. Қазақ тілінде фильмдер көрсетіп немесе қазақ әндерін тыңдалым тапсырмасы жүзінде тыңдатып, сол материалдарда қамтылған сөздерді, әрекеттерді осы қосымша арқылы тексеруге болады. Мәселен, оқытушы сол кино, ән бойынша сұрақтар құрастырады немесе Socrative көмегімен студенттерді жарыстыра алады: кім алғаш болып, дұрыс жауап берсе, сол қатысушыны оқытушы өзі автоматты

түрде экранда марапаттайды. Тапсырманың орындалу уақытын шектегіңіз келсе, дұрыс жауапты жылдам тапқан қатысушыға қосымша ұпай беріліп, түрлі мотивациялық смайликтермен қатысушының қызығушылығы артады. Өкінішке орай, осы сияқты тиімді қосымшаларды оқытушылар сабақтарында көп қолдана бермейді. Socrative-те оқытушы студенттеріне арнап өзге де викториналар құрастыра алады және сабақ өткізу барысында стандартты викториналарды таңдауына да болады. Бұл викторина сұрақтарына студенттер өз атынан немесе анонимді түрде жауап беру мүмкіндігі де қарастырылған және бұл талапты оқытушы өз бетінше таңдайды. Студенттер тапсырмаларды орындай бастағанда-ақ оқытушының экранында жауаптар статистикасы пайда болады. Қатысушылардың викторина жауаптары негізінде олардың материалды қаншалықты игергенін оқытушы талдап, олардың білім деңгейін бағалап, оқу бағдарламасын жаңартуына, жақсартуына ықпал ете алады. Викторинаны құрастыру үшін мобильді құрылғыда аталған қосымшаның оқытушыға арналған нұсқасы болуы қажет.

Сонымен қатар, қосымшада көптеген тест нұсқалары ұсынылады, мәселен:

- дұрыс-бұрысты анықтайтын сұрақ форматында;
- бірнеше жауап нұсқалары бар сұрақтар;
- ашық сұрақтар [7]

Оқытушы ретінде біздің басты қызметіміз - тілді үйрету. Ал, білім берудегі мақсатымыз - жалпы практикалық білім беру және тәрбиелеу. Білім берудің осы мақсатына сәйкес оқытудың мазмұны, әдістемесі мен құралдары таңдалып алынады. Үйрету дегеніміз - үйренушінің білімдік және танымдық қызметінің барынша жоғары деңгейге жетуіне, берілген білімнің игерілуіне бағытталған процесс. Бұл процеске үйренуші де үйретуші тараппен қоса атсалысады, екеуінің бірлескен әрекеті негізінде үйренуші білім алып не білімін толықтырып, ал, үйретуші тарап өзінің әдістемелік білімін тереңдетіп қалыптастырады.

Әдістеме ғылымы оқытудың заңдылықтарын зерттейді. Оқыту әдістемесі оқытудың мазмұнын, мақсатын, міндетін, әдісін, сондай-ақ, үйрету амалдары мен тәрбие секілді мәселелерді зерттейді. Ал, әдіс білім алуды мақсат еткен оқытушы мен оқушының іс-әрекетінің өзара байланысын қарастырады. А.Н. Щукин: «Әдіс түсінігі белгілі бір міндетті жүзеге асыру жолындағы шындықты теориялық және практикалық жолмен шешудегі амалдар мен тәсілдердің жиынтығы» деген анықтама берген. Білім беру процесін ұтымды жолмен ұйымдастыру мақсатында оқытушы төмендегідей негізгі кешенді әдістерді тиімді түрде пайдаланғаны жөн: оқу-танымдық әрекетті түрлендіру, білім берудегі мотивацияны дамыту әдісі, оқыту тиімділігін арттыратын бақылау әдісі және т.б.

Тиімді оқыту құралдары тек білімді бағалау үшін ғана емес, сонымен қатар оқыту стратегиясы ретінде қолдану, бағалау мен бақылауға арналған тапсырмаларды жиі қолдану, білім алушылардың тапсырманы орындау барысында жіберген қателерін түзетуге мүмкіндік беру арқылы психологиялық қысымды төмендету мақсатында да қолданылады. Бақылау

мен бағалаушылық сипаттағы әдістердің түрлі жекелеген стратегияларын қолдануға да болады, мысалы: кликерлер, карточкалар, бинго, стикер рефлексиясы, қозғалыс тесті секілді түрлерін тиімді қолдана білген абзал.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолдануға болатын қосымшалардың бірі -Worldwall қосымшасы. Интерактивті жаттығулар көмегімен грамматика, лексика, оқылым, тыңдалым тапсырмаларын пысықтауға болады. Түрлі шаблондағы тапсырмаларды қағазға көшіріп алу немесе тапсырманың келесі бір түріне жылдам ауысу секілді мүмкіндіктер – осы қосымшаның басты ерекшелігі. Күрделі тақырыптар қатар келіп немесе қайталанып, студенттер шаршап не қызығушылығы төмендей бастағанда релаксацияға Learningapps қосымшасын қолдануға болады. Learningapps қосымшасы - ойын көмегімен берілген материалды бекіту және пысықтауға арналған ресурс. Бұл қосымшаны қолданып студенттің тілді меңгеру деңгейіне сай түрлі ойындар, викторина, кроссворд, пазлдар құрастыруға болады. Оған қоса мұнда пайдаланушылар бастамасымен жасалған интерактивті тапсырмалар галереясы бар. Оқытушы қажет материалды таңдап, сабақ тақырыбына немесе өзіндік білім беру стиліне сай өңдеп, түзетіп, жаңартып не толықтыра алады. Академиялық пәндер атаулары бойынша топтастырылған жаттығулар арасынан тиісті пәнге қатысты материалды табу қиынға соқпасы анық.

Әр оқытушының өзіндік сабақ беру стилі болады және оқытушының өзіндік стилін қалыптастыруда түрлі қосымшаларды қолдану ұсынылады. Аталған қосымшаны сабақ барысында қолдануды мақсат еткен оқытушылар қосымшаны қолданар алдында алдымен LearningApps.org қызметіне тіркеледі, келесі қадам – сабақтың тақырыбы, мақсаты мен міндетіне сай оқу модельдерін жасау, соңында оларды сақтап, қажетінше жаңартып, өзгерістер енгізуге болады. Жаттығулар бөлімінде «Барлық жаттығулар», «Жаңа жаттығулар», «Менің сыныптарым», «Менің жаттығуларым» деген секілді жаттығулар топтамасы бар. «Жаңа жаттығулар» топтамасын таңдау арқылы *жұпты табу, хронологиялық кесте, мәтін енгізу, суреттерді реттеу, классификация, викториналық сұрақтар, бос жолдарды толтыру, кім миллионер атанады?, пазлдар, сөзжұмбақ, сөзді табу, сөз құрастыру* секілді жаттығуларға қол жеткізуге болады. Бұл жаттығуларды қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолдану студенттердің зейінін ашып, қазіргі «сандық» әлемде сауатты жасалған электронды білім ресурсы әдеттегі оқыту құралдарына қарағанды эффективті болары анық[8].

Сауаттылық айтылым әрекетін қалыптастыру барысында айрықша маңызға ие. Айтылым тапсырмаларына басымдық беріп, студенттің сауатты сөйлеуі, ойын дұрыс жеткізе алуы дағдыларын қалыптастыру – негізгі міндет. Көпшілік алдында дауыстап сөйлетіп, қайталатып жаттықтырумен қатар, мобильді құрылғы көмегімен қосымша тапсырмалар дайындауға нұсқау беріп, оларды аудио не видео форматында тапсыруын талап етуге болады [9].

Қосымшалар арасынан оқу материалдарын қолданысқа жеңіл тәсілдер арқылы тиімді меңгертуге арналған Quizlet қосымшасын да қазақ тілін оқыту әдістемесінде қолдана аламыз. Әр оқытушы өз модулін электронды карточкалар көмегімен әзірлейді. Сөз тіркестерін жаттатып, олардың

құрылымын талдау мақсатында да Quizlet функциялары көмегіне жүгінуге болады. Одан бөлек уақыт шектеулі болғанда немесе өзара пікір алмасу қажеттілігі туындағанда өзге қолданушылар дайындаған карточкалар көмекке келеді. Статистикалық мәліметтерге сай 60 миллионнан астам қолданушысы бар бұл қосымшаның білім берудегі тиімділігін нендей функциялары арқылы байқауға болады?

- қажетті материалды карточкаға салып, соның көмегімен оқыту;
- студенттің есте сақтау қабілетін жазылым әрекеті арқылы тексеру;
- іріктеу ойынын ұйымдастырып, жеңіске жету арқылы мотивация беру;
- мәтіндердің ауызша дұрыс жеткізілуін қалыптастыру;
- маңызды емтиханға, бақылау жұмыстарына дайындық ретінде аталған қосымшаны қолдану;

Quizlet материалды жылдам есте сақтауға және меңгеруге себебін тигізеді және платформа ұсынған функцияларды кез-келген пәнді оқытуда ақысыз негізде қолдану - жалпы білім беруші қауымға үлкен көмек [10].

«...Әр педагогтың, өз білімін жетілдіріп, бірсарынды сабақ беруден гөрі, инновациялық технологияларды күнделікті пайдалану-заман талабы» деген К.Д.Ушинскийдің сөзін еске сақтай отырып, оқыту процесін технологияландыруға жалпы педагогтардың бәрі атсалысу керек. Озық тәжірибе озық нәтиже көрсетері сөзсіз.

Нәтижелер

Қазіргі кезде қазақ тілін оқыту әдістемесінде кеңінен қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер аясы кең, соның ішінде инновациялық әдістердің орны ерекше. Инновация терминінің «жаңарту, өзгерту, жаңашылдық» секілді мағынада қолданылатыны баршамамызға мәлім. Біздің жаңашыл әлем талап ететін жаңа леп, жаңа бағыттарға негізделген өзгерістердің мазмұны терең, әрі нақты екені белгілі. Бұл әдістеме негізінде үйренушінің дербес қабілетіне сай белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өз бетінше қолдану арқылы танымдық белсенділікті арттыру алға шығады. Үйренушінің дербес белсенді қызмет деңгейі төмендегіше анықталады: іздеу белсенділігі (сөйлеу іс-әрекеті түрлерін қамтамасыз ететін дағды мен біліктілік) [11];

- Шығармашылық белсенділігі (сөйлеу шығармашылығы);
- Қайта құру белсенділігі (оқу материалдарын меңгеруді айырып тану);
- Жеткілікті білім белсенділігі (есте сақтау арқылы меңгерілген материал бойынша алған мәліметті елестету);
- Жоғарғы білім белсенділігі (меңгерілген материалды трансформациялау).

Осы белсенділіктерді арттыруда қосымшалардың рөлі зор, дегенмен, оқытушы тарапынан әрдайым қадағалауды қажет ететін процесс.

Қазақ тілін оқытуда үздік нәтижелерге қол жеткізіп, студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруды айтарлықтай сапалы деңгейге көтерген оқыту

технологиясының бірі - дамыта оқыту технологиясы. Даму, бұл – уақыт талабына сай үнемі өзгеріп отыратын тұрақты, әрі өзекті құбылыс. Қашықтан оқыту жүйесіне сай тіл үйреніп жүрген білім алушылардың білімін бақылау мен қадағалау процесін оңтайландыру үшін арнайы мобильді қосымшаларды қолданып бағалау процесін жүзеге асыруға болады. Қазақ тілі сабағының міндеті тіл үйретумен қатар білім алушының ой-өрісін дамыту болса, адамның ой-өрісі қалай жағдайда да сөйлеуді дамытуға бағытталады. «Көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда көркі кетпеуін» қадағалау қазақ тілін үйрететін оқытушының басты міндеті деп білеміз.

Қорытынды

Оқытуда қолданатын заманауи қосымшалардың мүмкіндіктері күннен күнге жетілдіріліп келеді. Олар заманауи білім беру сұранысына сай барлық оқыту техникаларын қамтуды көздейді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде заманауи қосымшаларды қолдану студенттерге қазақ тілінің сырлы, ғажап әлемін үйренуге көп ықпал етері сөзсіз. Оған қоса, бұл қосымшаларды қолдану оқытушы тарапынан көп ізденісті, жаңашылдықты талап етеді. Тіпті, біліктілікті жетілдіру мақсатында бұл қосымшаларды тиімді қолдануды үйрететін курстарға қатысу да артық етпейді. Әлемдегі жаңашыл білім беру талабына сай қолданыстағы әдістеме аясында жаңа технологияларды қолдану мүмкіндіктері аталған мақалада қарастырылды. Бүгінгі таңда еліміздегі жоғары оқу орындары техникалық жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Оған қоса әрбір оқытушы мен студент жеке смартфон қолданады. Мұның бәрі жаһандық деңгейдегі жаңашылдықтарды игеруге жол ашады. Сайып келгенде қазақ тілін оқытуда технологиясы озық елдердің ойлап тапқан қосымшаларын пайдалана отырып оларды қолданыстағы әдістеме талаптарына бейімдеу арқылы білім беру әдістемесін жаңа бір қырынан толықтырып, білім беру әдістерін оңтайландыру – бүгінгі күні оқытушыға қойылатын негізгі талап. Сабақтағы әрбір әдістің, әрекеттің нәтижелі болғанын қаласақ, жаңашыл бағыттағы түрлі әдістер мен технологияларды тәжірибе жүзінде тексеріп, олардың қолданыста тиімділігін анықтаудан жалықпауымыз тиіс. Кез-келген әдісті жандандыратын, берілген білімді ұғындыратын және студент зейінін шоғырландыратын көрнекі құралдарды тиімді пайдаланудың жағымды нәтиже берері хақ. Бұл ретте заманауи қосымшалардың рөлі ерекше. Қашықтан оқыту форматындағыдай дәстүрлі форматта да қосымшаларды тиімді қолдана білу студент білімін жетілдіруде үздік нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі деуге негіз бар.

ӘДЕБИЕТ:

- [1] Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография.- Астана, 2008. – 30 б.
- [2] Логинова А.В. Использование технологии мобильного обучения в образовательном процессе //Молодой ученый.- 2015. - №8. - С. 974-976.
- [3] Думачев Л.Л., Смолина Л.В. Использование мобильных приложений для развития иноязычных лексических навыков обучающихся в неязыковом вузе //Международный студенческий научный вестник. - 2017. – № 1. – С. 1

- [4] Абдухалимов, Д.К. Білімді меңгерту мен қорытындылауда kahoot қосымшасын қолданудың тиімділігі. – 2019. Кіру режимі: repo.kspi.kz. [Қаралған күні 12.04.2022]
- [5] Пашенко О.И. Информационные технологии в образовании. Уч.-мет. пособие. - Нижневартовск: Изд-во НВГУ, 2013. – С. 227
- [6] Канарская О.В. Инновационное обучение. – Санкт-Петербург: Изд-во Лики России, 1997. – С.415
- [7] Meet Socrative [Онлайн ресурс].– Кіру режимі: <https://learningapps.org/> [Қаралған күні 19.04.2022]
- [8] Browse Apps [Онлайн ресурс].– Кіру режимі: <https://learningapps.org/> [Қаралған күні 19.04.2022]
- [9] Hellermann, J., Thorne, S.L. and Fodor, P. Мобильное чтение как социальная и воплощенная практика //Классный журнал. - 2017. – No 8 (2). - Pp. 99-121.
- [10] Курбакова М.А., Колесникова А.А. Использование приложения Quizlet в обучении техническому английскому //Педагогическое образование в России. - 2019. - № 8. - С. 103-109
- [11] Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: Мұрагер, 2005.- 38-89 б.
- [12] Сысоев П.В. Современные информационные и коммуникационные технологии: дидактические свойства и функции //Язык и культура. - 2012. - № 1 (17). - С. 120-133.

REFERENCES

- [1] Qurman N.Zh. Qazaq tilin oqytudying adisnamalyq negizderi: Monographia (Methodological basis for teaching Kazakh language: Monography). – Astana, 2008. – 30 b. [in Kaz.]
- [2] Loginova A.V. Ispol'zovanie tekhnologii mobil'nogo obucheniya v obrazovatel'nom protsesse (Using mobile teaching technologies in educational process) //Molodoy ucheniy.- 2015. - №8. - S. 974-976. [in Rus.]
- [3] Dumachev L.L., Smolina L.V. Ispol'zovanie mobil'nyh prilozhenii dlya razvitiya inoyazichnyh leksicheskikh navykov obuchayuschikhsya v neyazykovom VUZe (Using mobile applications for developing foreign language lexical skills of students studying at non-linguistic High School) //Mezhdunarodnyi studencheskii nauchnyi vestnik. - 2017. – № 1. – S.1 [in Rus.]
- [4] Abdukhalimov, D.K. Bilimdi mengertu men qorytyndy lauda kahoot qosymshasyn qoldanudying tiimdiligi (Effectiveness of using Kahoot application in teaching and summarizing the knowledge). – 2019. Kirw rejimi: repo.kspi.kz. [Qaralghan kuni 12.04.2022] [in Kaz.]
- [5] Paschenko O.I. Informatsionnye tekhnologii v obrazovanii (Information technologies in education). Uch.-met. posobie. - Nizhnevartovsk: Izd-vo NVGU, 2013. – S. 227 [in Rus.]
- [6] Kanarskaya O.V. Innovatsionnoye obuchenie (Innovative teaching). – Sankt-Peterburg: Izd-vo: Liki Rossii, 1997. – S.415 [in Rus.]
- [7] Meet Socrative [Online resource].– Kirw rejimi: <https://learningapps.org/> [Qaralghan kuni 19.04.2022]
- [8] Browse Apps [Online resource].– Kirw rejimi: <https://learningapps.org/> [Qaralghan kuni 19.04.2022]
- [9] Hellermann, J., Thorne, S.L. and Fodor, P. Mobile reading as social and embodied practice //Classroom discourse. - 2017. – No 8 (2). - Pp. 99-121.
- [10] Kurbakova M.A., Kolesnikova A.A. Ispol'zovanie prilozheniya Quizlet v obuchenii tekhnicheskomu angliyskomu (Using Quizlet application in teaching technical english) //Pedagogicheskoye obrazovaniye v Rossii. - 2019. - № 8. - S. 103-109 [in Rus.]
- [11] Qadasheva Q. Qazaq tilin oqytu adistemesi (Kazakh language teaching methods). - Almati: Murager, 2005.- 38-89 b. [in Kaz]

[12] Sysoev P.V. Sovremennye informatsionnye i kommunikatsionnye tekhnologii: didakticheskie svoystva i funktsii (Modern information and communication technologies: didactic properties and functions) //Yazik i kul'tura. - 2012. - № 1 (17). - S. 120-133 [in Rus.]

ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СОВРЕМЕННЫХ МОБИЛЬНЫХ ПРИЛОЖЕНИЙ В МЕТОДИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

*Азимова Г.У.¹, Сатбекова А.А.²

¹докторант PhD, КазНЖПУ, Алматы, Казахстан, e-mail:
gaini.azim@gmail.com

²д.п.н., профессор, КазНЖПУ, Алматы, Казахстан. e-mail: satbekova@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы методики преподавания казахского языка с применением современных приложений. Внедрение инновационных технологий в образовательный процесс является одним из основных принципов педагога в современном мире. Представители поколения, воспитанные в цифровом пространстве, несомненно, будут более восприимчивы к методам, соответствующим их мировоззрению. Интеграция современных приложений в занятия по казахскому языку безусловно поможет студентам в получении доступа к неизведанной, прекрасной и таинственной вселенной казахского языка. В статье рассматриваются наиболее часто используемые мобильные приложения в современном образовательном процессе, предлагаются рекомендации по их использованию, определяются их характеристика и функции, а также оценивается их эффективность в академической деятельности. Мобильные образовательные системы и курсы, составленные с помощью мобильных приложений, стали более популярными как основной метод вовлечения студентов и оказания помощи преподавателям в развитии и совершенствовании их профессиональных навыков. Также, делается ссылка на исследования и цитаты известных ученых относительно методики преподавания казахского языка в целом. Вместе с тем, обсуждается вопрос о преимуществах и недостатках мобильного обучения, а также, упоминается множество различных аспектов использования информационно-коммуникативных технологий. Несомненно вопрос касательно роли динамических организационных процессов, облегчаемых компьютерными информационными технологиями, в развитии высококачественного образования и познавательной активности будет исследовано и дополнено и в дальнейшем.

Главной целью внедрения глобального образовательного опыта в систему высшего образования является мотивирование студентов и пособничество при освоении знаний и навыков посредством эффективных методов. Статья рекомендована преподавателям высших учебных заведений в качестве практического руководства.

Ключевые слова: казахский язык, методика преподавания, мобильные приложения, мобильные устройства, ИКТ, обучение языку, инновационные технологии, современные методы.

HOW EFFECTIVELY MODERN MOBILE APPLICATIONS CAN BE INTEGRATED INTO KAZAKH LANGUAGE TEACHING METHODS

*Azimova G.U.¹, Satbekova A.A.²

¹Doctoral student, KazNWTTU, Almaty, Kazakhstan, e-mail:
gaini.azim@gmail.com

²d.p.s., Professor, KazNWTTU, Almaty, Kazakhstan, e-mail: satbekova@mail.ru

Abstract.The following article discusses how to teach the Kazakh language and the modern applications that can be incorporated in it. Nowadays, one of the ultimate goals of educators is to ensure that technological innovations are integrated into the educational process. Education will undoubtedly be effective for the generation born into a digital society and educated according to their comprehension. Integrating contemporary applications into Kazakh language classes will undoubtedly assist students in accessing the Kazakh language's undiscovered beautiful and mysterious realm. The article reviews the most commonly used mobile applications in contemporary educational approaches, provides guidance on their use, determines their characteristics and functions, and evaluates their educational effectiveness. Mobile educational programmes and courses delivered through mobile apps have increased in popularity as a primary method for engaging students and assisting educators in developing and enhancing their professional skills. Moreover, it refers to research and the viewpoints of eminent professors on approaches to teaching the Kazakh language in general. The article examines the benefits and drawbacks of mobile learning, as well as a variety of other facets of information and communication technology use. It is apparent that the function of dynamic organizational processes facilitated by computer information technology in the development of high-quality education and cognitive engagement is still being explored and augmented.

The purpose of incorporating global educational experiences into the higher education system is to encourage students to comprehend newly acquired knowledge appropriately. This article is recommended for study and implementation by university academics.

Key words: Kazakh language, teaching methods, mobile applications, mobile devices, ICT, language teaching, innovative technologies, contemporary methods.

Статья поступила 24.06.2022